

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік тергеу комитетінде және оның органдарында қызмет өткеру туралы Ережені, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік тергеу комитетінің және оның органдарының қызметкерлері қабылдайтын Ант мәтінін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1996 жылғы 14 маусым N 3035 . Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2001.09.04. N 677 Жарлығымен. ~U010677

"Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тергеу комитеті және оның органдары туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 21 желтоқсандағы N 2706 U952706_ Заң күші бар Жарлығының 34-бабындағы 2-тармағының 1)-тармақшасына сәйкес қаулы етемін:

1. Мыналар:

1) Қазақстан Республикасы Мемлекеттік тергеу комитетінде және оның органдарында қызмет өткеру туралы Ереже (қоса беріліп отыр);

2) Қазақстан Республикасы Мемлекеттік тергеу комитетінің және оның органдарының қызметкерлері қабылдайтын Ант мәтіні (қоса беріліп отыр) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі осы Жарлық күшіне енген күннен бастап бір ай мерзімде "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тергеу комитеті және оның органдары туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 21 желтоқсандағы N 2706 Заң күші бар Жарлығының 24-бабының 7-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тергеу комитеті мен оның органдарының қызметкерлері мен

зейнеткерлеріне Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің әскери қызметшілері мен зейнеткерлері үшін белгіленген жеңілдіктер мен артықшылықтарды қолдану туралы қаулы шығаратын болсын.

Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Президентінің
1966 жылғы 14 маусымдағы
N 3035 Жарлығымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тергеу комитеті
мен оның органдарында қызмет өткеру туралы
Ереже

Осы Ереже Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тергеу комитеті мен оның органдары қызметкерлерінің қызмет өткеру тәртібі мен шарттарын реттейді.

1 Тарау
Жалпы Ережелер

1-бап. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тергеу
комитеті мен оның органдарының қызметкерлері

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тергеу комитеті мен оның органдарының (бұдан былай - МТК) қатардағы және басшы құрамының лауазымдарында немесе МТК-нің қатардағы және басшы құрамының осы Ережемен белгіленген тәртіпке сәйкес арнаулы атақтар берілген МТК кадрларында тұратын, сондай-ақ құқықтық жағдайы заңмен айқындалатын МТК-нің әскери-тергеу органдарындағы әскери қызметшілері - Қазақстан Республикасының азаматтары - Қазақстан Республикасы Мемлекеттік тергеу комитетінің және оның органдарының қызметкерлері (бұдан былай - МТК қызметкерлері) болып табылады.

2. МТК қызметкерлері тиісті дайындықтан өткеннен кейін заңмен

айқындалған тәртіп бойынша қару мен арнаулы құралдарды алып жүруге, сақтауға және қолдануға хақылы.

2-бап. МТК-де қызмет өткеру принциптері

1. МТК-де қызмет өткеру тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және

мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, наным-сеніміне немесе кез келген өзге жағдайларға қарамастан заңдылық, қорғалу құқығы қамтамасыз ету, заң алдындағы теңдік принциптеріне сәйкес құрылады.

2. МТК-де қызмет өткеру дара басшылық негізінде құрылады.

3. МТК қызметкерлерінің іс жүргізу жөніндегі жағдай заңмен белгіленеді.

3-бап. МТК-де қызмет өткерудің құқықтық негізі

1. МТК-де қызмет өткерудің құқықтық негізін Қазақстан Республикасының Конституциясы, "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тергеу комитеті және оның органдары туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығы, осы Ереже және басқа да Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілері құрайды.

2. МТК-нің әскери-тергеу органдары әскери қызметшілерінің мерзімді әскери қызмет өткеруі Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде қызмет өткеру шарттарын белгілейтін нормативтік құқықтық актілермен және МТК Төрағасы бекітетін Қазақстан Республикасы Мемлекеттік тергеу комитетінің әскери-тергеу органдарында қызмет өткеру туралы Ережемен реттеледі.

4-бап. МТК қызметкерінің қызметтік міндеттері мен құқықтары

1. МТК-нің қызметкері:

1) заңға, Антқа, осы Ереже мен контрактқа сәйкес атқаратын лауазымына қарай өз құзыретінің шегінде міндеттер орындайды және құқықтарды пайдаланады;

2) мемлекеттің қорғауында болады. Заңмен тікелей уәкілдік берілген органдар мен лауазымды адамдардан басқа ешкімнің оның қызметіне араласуға хақы жоқ. Заңға көрінеу қайшы келетін бұйрық немесе нұсқау алған жағдайда МТК-нің қызметкері заңды орындау үшін шаралар қолдануға міндетті;

3) өзінің қызметтік іс-әрекетінде заң талаптарын басшылыққа алады және саяси партиялардың, өзге қоғамдық бірлестіктердің шешімдерімен шектелуге тиіс емес.

2. Қызметтік міндеттерін атқарған кездегі құқыққа қарсы іс-әрекеті немесе

әрекетсіздігі, қызметтік міндеттерін тиісінше атқармағаны үшін МТК қызметкері заңға сәйкес жауапқа тартылады.

3. МТК қызметкерінің құқыққа қарсы іс-әрекетімен немесе әрекетсіздігімен жеке және заңды тұлғаларға келтірілген зиян, заңда да көзделген тәртіппен өтелуге тиіс.

5-бап. Қатардағы және басшы құрамның лауазымдары

1. Қатардағы, кіші, орта және аға басшы құрамның лауазымдар тізбесін және осы лауазымдарға сәйкес келетін арнаулы атақтарды МТК Төрағасы бекітеді.

2. Жоғары басшы құрамның лауазымдар тізбесін және осы лауазымдарға сәйкес келетін арнаулы атақтарды Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.

6-бап. Арнаулы атақтар

1. "Қазақстан Республикасы Мемлекеттік тергеу комитетінің қатардағы және басшы құрамының арнаулы атақтары туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 23 желтоқсандағы Заң күші бар N 2719 Жарлығына сәйкес МТК-нің қатардағы және басшы құрамына лауазымға тағайындалған Қазақстан Республикасының азаматтарына

мынадай арнаулы атақтар беріледі:

1) қатардағы құрам:

қатардағы әділет қызметкері;

2) кіші басшы құрам:

әділет кіші сержанты, әділет сержанты, әділет аға сержанты, әділет старшинасы, әділет прапорщигі, әділет аға прапорщигі;

3) орта басшы құрам:

әділет кіші лейтенанты, әділет лейтенанты, әділет аға лейтенанты, әділет капитаны;

4) аға басшы құрам:

әділет майоры, әділет подполковнигі, әділет полковнигі;

5) жоғары басшы құрам:

әділет генерал-майоры, әділет генерал-лейтенанты, әділет генерал-полковнигі.

2. Қатардағы әділет қызметкерінен әділет старшинасына дейінгі арнаулы атақтар МТК оқу орындарының күндізгі бөлімінің курсанттары мен тыңдаушыларына беріледі.

3. МТК басшы құрамының атақтары өмір бойын беріледі. Қызмет тоқтатқан кезде арнаулы атағына "отставкадағы" сөзі қосылады.

7-бап. МТК қызметкерлерінің кәсіби даярлығы

1. МТК-ні білікті мамандармен жасақтау мақсатында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тергеу комитеті МТК қызметкерлерін кәсіби даярлауды жүзеге асырады. Бұған бастапқы арнайы оқыту, дене күшін, арнайы құралдарды және атыс қаруын қолданумен байланысты жағдайларда іс-қимылға жарамдылығын мезгіл-мезгіл тексеру, оқу орындарында мамандар даярлау, біліктілігін арттыру мен қайта даярлау кіреді.

2. Кәсіби даярлықтың ұйымдастырылуы мен оның мазмұнын МТК Төрағасы айқындайды.

II Тарау

МТК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІН ҚЫЗМЕТКЕ ҚАБЫЛДАУ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТ ЖӨНІНЕН АУЫСТЫРУ

8-бап. МТК-ге қызметке қабылдау шарттары

1. МТК-ге қызметке өзінің моральдық және кәсіби қасиеттері, білімі мен денсаулық жағдайына қарай өздеріне жүктелген міндеттерді орындауға қабілетті жасы он сегізден кем емес Қазақстан Республикасының азаматтары ерікті негізде қабылданады.

МТК жүйесінің оқу орындарына оқуға білімі бар, он сегіз жасқа толмаған адамдар қабылдана алады.

2. МТК-дегі қызметке кіру мемлекеттік қызметшілер кадрлары туралы республикалық деректер орталығына алдын-ала сұрау салынған және азаматтар

міндетті арнаулы тексеруден өткізілген жағдайда, сондай-ақ әскери-дәрігерлік комиссияларда қызметке жарамдылығын айқындау үшін медициналық куәландыру арқылы жүзеге асырылады.

3. Қатардағы және кіші басшы құрамның лауазымдарына 32 жастан аспаған адамдар, орта және аға басшы құрамның лауазымдарына 40 жастан аспаған адамдар қабылданады. Ерекше жағдайларда аталған жас шегі МТК Төрағасының шешімімен өзгертіледі.

4. МТК қатардағы және кіші басшы құрамының лауазымдарына ортадан төмен емес білімі бар азаматтар қабылданады.

5. Орта және аға басшы құрамның лауазымдарына тиісінше арнаулы орта немесе жоғары білімі бар азаматтар қабылданады.

6. Ерекшелік ретінде жедел қызмет бөлімшелерінің орта басшы құрамының лауазымдарына азаматтар жалпы орта білімімен, ал аға басшы құрамының лауазымдарына - даярлау бейімі бойынша салаға жақын орта арнаулы білімімен, егер олар жұмыс тәжірибесі мен іскерлік қабілеті жағынан өздеріне жүктелген міндеттерді атқара алса және жоғары немесе арнаулы орта оқу орындарында оқитын болса ғана қабылдануы мүмкін.

7. Бұрын МТК-нен, оның органдарынан босатылған және қызметке қайта қабылданған азаматтар үшін жастық шектеулер осы Ереженің 52-бабының талаптарына сәйкес айқындалады.

8. МТК қатардағы және басшы құрамы лауазымдарына орналасу заңға сәйкес, қызметке тағайындау арқылы, сондай-ақ жеке контракт жасасу арқылы, конкурспен жүзеге асырылады.

9. МТК-нің қызметкерлерін қызметке қабылдау МТК-нің Төрағасы айқындайтын құзырет бойынша тиісті МТК органы бастығының бұйрығымен ресімделеді. Бұйрық МТК-нің қызметкеріне қолхат алу арқылы жария етіледі.

9-бап. МТК-не қызметке қабылдау мен оны өткерудегі шектеулер

1. Бұрын сотталған және ақталмайтын негіздер бойынша қылмыстық жауапкершіліктен босатылған, сондай-ақ мемлекеттік қызметтен, өзге құқық қорғау органдарынан, соттар мен әділет органдарынан жарамсыз себептер бойынша шығарылған адамдар МТК-не қызметке қабылданбайды.

2. Өзара жақын туыстығы немесе жекжаттығы бар (ата-аналар, ерлі-зайыптылар аға-інілер, апа-сіңлілер, ұлдары, қыздары, сондай-ақ ерлі-зайыптылардың аға-інілері, апа-сіңлілері, ата-аналары мен балалары) МТК-нің қызметкерлерінің, егер олардың қызметі бірінің екіншісіне бағыныстылығымен немесе бақылауында болуына байланысты болса, бір МТК

органында бірге қызмет атқаруына рұқсат етілмейді.

10-бап. МТК-дегі қызмет өткерумен байланысты шектеулер

МТК қызметкерінің лауазымы оқытушылық, ғылыми немесе өзге де шығармашылық қызметтен басқа, депутаттық мандатпен, өзге де ақы төленетін қызметті атқарумен, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырумен, коммерциялық ұйымның басшы органының немесе байқаушы кеңесінің құрамына кірумен сыйыспайды.

11-бап. Қоса атқару

МТК қызметкерлеріне уақытша орнында болмаған қатардағы және басшы құрамдағы адамдардың мамандықтарын (лауазымдарын) қоса атқаруға немесе міндеттерін орындауға МТК Төрағасы белгілеген тәртіп пен шарттарда рұқсат етіледі.

12-бап. МТК-де қызмет өткеру туралы контракт

1. МТК-де қызмет өткеру туралы контракт жасасу тәртібі мен шарттарын МТК Төрағасы айқындайды.

2. Контракта оның қолданылу мерзімі, тараптардың міндеттемелері, тараптардың өздеріне алған міндеттемелерін орындамауына байланысты туындайтын заңдық салдарлар, оны ұзарту немесе қайта жасасу шарттары және контракттың басқа да жағдайлары көзделеді.

13-бап. Сынақ мерзімі

1. МТК-не қызметке тұңғыш рет кіретін адамдар үшін олардың даярлық деңгейіне және қабылданатын лауазымына қарай ұзақтығы үш айға дейінгі сынақ мерзімі белгіленуі мүмкін. Бұл жағдайда кандидат арнаулы атақ берілмей тиісті лауазымға тағайындалады.

2. Сынақ мерзімі уақытында кандидат атқаратын лауазымына және контракт шарттарына сәйкес МТК қызметкерлерінің міндеттерін орындайды және олардың құқықтарына ие болады.

3. Сынақ мерзімі кезінде кандидатқа еңбек туралы заңдардың, сондай-ақ осы Ереженің 49-бабының күші қолданылады.

4. Сынақ мерзімі еңбек сіңірген жылдары үшін проценттік үстемеақы төлеу

және МТК-нің саласы бойынша зейнетақы тағайындау құқығын беретін МТК-дегі қызмет стажына есептеледі.

5. Жоғары басшы құрамның лауазымдарына тағайындалатын адамдарға, МТК-не қызметке бөлініс бойынша кіретін жоғары және орта арнаулы оқу орнының түлектеріне, сондай-ақ конкурс бойынша лауазымға тағайындалған ретте сынақ мерзімі белгіленбейді.

14-бап. МТК-дегі лауазымдарға конкурспен орналасу

МТК-дегі конкурстық негізде атқарылатын лауазымдар тізбесін, лауазымға тағайындау тәртібі мен шарттарын заңға сәйкес МКТ Төрағасы белгілейді.

15-бап. МТК-не лауазымға тағайындау

1. МТК Төрағасы, оның орынбасарлары, МТК органдарының бастықтары, ал сондай-ақ заң актілерінде, Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде көзделген жағдайларда МТК органдарының өзге де лауазымды адамдары заңға сәйкес лауазымдарға тағайындалады.

2. Қажетті жағдайларда МТК Төрағасының шешімімен МТК аға және жоғары басшы құрамның лауазымдарына бұрын МТК-нің кадрларында тұрмаған, жасына карамастан, бірақ 50 жастан аспаған, мемлекеттік органдардың мамандары, ғылыми қызметкерлер мен жоғары оқу орындарының оқытушылары арасынан азаматтар тағайындалуы мүмкін. Бұл ретте оларға мамандығы бойынша бұрынғы жұмыс стажы, оның ішінде аспирантурада, докторантурада оқыған уақыты қосылып, МТК-дегі қызмет стажына еңбек сіңірген жылдары үшін проценттік үстемеақы мен

зейнетақы тағайындау үшін қоса есептеледі. Бұл адамдарға тиісті арнаулы атақтар осы Ережеде көзделген тәртіппен беріледі.

16-бап. МТК қызметкерінің анты

МТК-дегі қызметке тұңғыш рет кірген адамдар, мәтінін Қазақстан Республикасының Президенті бекітетін ант қабылдайды. Ант беру тәртібін МТК Төрағасы белгілейді.

17-бап. МТК қызметкерін ауыстыру

1. МТК қызметкерін қызмет бабында ауыстыру:

1) жоғары тұрған лауазымға - қызмет бабында жоғарылату ретімен;

2) теңдес лауазымға - басқа лауазымды уақытша атқару қажет болған кезде не МТК қызметкерін оның іскерлік, жеке басының қасиеттері мен жаңа мамандығы бойынша даярлығын ескере отырып, неғұрлым ұтымды пайдалану үшін, сондай-ақ отбасы жағдайына, денсаулығына немесе жасына байланысты;

3) төменгі тұрған лауазымға - штаттар қысқарған ретте немесе органдар мен бөлімшелерді қайта құруға байланысты, теңдес лауазымға ауыстыру мүмкіндігі болмаған жағдайда, қызметкердің келісімімен;

4) денсаулығына байланысты - әскери-дәрігерлік комиссияның қорытындысына сәйкес;

5) өз өтініші бойынша;

6) аттестациялау тәртібімен қызметке сай келмеуі бойынша;

7) тәртіптік жаза ретінде;

8) оқуға түскен кезде атқаратын штаттық лауазымынан босата отырып, сондай-ақ оқу аяқталған соң лауазымға тағайындау ретімен жүргізіледі.

2. МТК қызметкері басқа лауазымға ауыстырылған ретте негізгі немесе соған жақын мамандықтар бойынша не тәжірибесіне сәйкес жұмыспен қамтамасыз етіледі, ал МТК қызметкерін ол үшін жаңа мамандық бойынша лауазымда пайдалану қажет болған жағдайда ауыстырудың алдында ол тиісті курста (жиындарда) қайта даярлықтан өтуге тиіс.

3. МТК қызметкерін қызмет бабымен ауыстыру барлық жағдайларда ауыстырудың негіздері көрсетіліп, МТК-нің тиісті органы бастығының бұйрығымен ресімделеді. Бұйрық қызметкерге қолхат алына отырып жария етіледі.

4. МТК қызметкерлері МТК-нің оқу орындарына арнаулы пәндер бойынша басшылық және педагогикалық жұмысқа ауыстырылған жағдайда оларға оқу орнына тағайындалғанға дейінгі соңғы негізгі (уақытша атқарудан бөлек) лауазымдары бойынша лауазымдық жалақылары, егер бұл жалақылар бұрынғы жұмыс орнындағы алып жүргеннен төмен болса, кейінгі арттырылуы ескеріле отырып сақталады (оның ішінде жоғарлатылғаны да). Лауазымдық жалақының сақталуы туралы шешімді (оның ішінде жоғарылатылғанын да) әрбір нақты жағдайда МТК Төрағасы лауазымға тағайындағанға дейін қабылдайды.

5. Штаттардың қысқаруы немесе денсаулығы бойынша төмен тұрған лауазымға лауазымдық жалақы мөлшері кемітіліп ауыстырылған жағдайда 10 және одан да көп еңбек сіңірген жылдары (күнтізбелік есептеумен) бар МТК

қызметкерлеріне соңғы қызмет орны бойынша лауазымдық жалақының мөлшері, әрі қарайғы өзгерістер ескеріле отырып, сақталады.

6. Төмен тұрған лауазымға ауыстырылған МТК қызметкері кейіннен қызметтік біліктілігі, жұмыс тәжірибесі, іскерлік және жеке басының қасиеттері, денсаулығы бойынша қызмет бабында жоғарлатылуы мүмкін.

7. МТК қызметкері лауазым бойынша міндеттер атқарушы болып тағайындалуы мүмкін. Бұл ретте бос тұрған лауазым бойынша оның міндеттерді үздіксіз атқару мерзімі екі айдан, ал бос тұрмаған лауазым бойынша - төрт айдан аспауы керек.

8. МТК қызметкері қылмыс жасады деп айыпкер ретінде жауапқа тартылғанда, сондай-ақ қызметтік тәртіпті өзінің қызметтік міндеттерін орындауға мүмкіндік бермейтіндей өрескел бұзған жағдайда МТК Төрағасы белгілеген тәртіп бойынша лауазымнан уақытша шеттетілуі мүмкін. Лауазымнан шеттетілген уақыт үшін қызметкерге ақшалай үлес толық мөлшерде төленеді.

9. Ұйымдық-штаттық шаралар өткізу кезінде МТК қызметкері МТК Төрағасы белгілеген тәртіп бойынша ақшалай үлес мөлшері сақталып, екі айдан аспайтын мерзімге дейін МТК-нің қарамағына енгізіліп, атқаратын лауазымынан босатылуы мүмкін. Белгіленген мерзім аяқталғанға дейін осы қызметкерді жұмысқа орналастыру мәселесі шешіледі.

10. Қызметкердің МТК-нің қарамағында болған мерзіміне науқастануына байланысты қызметтік міндеттерден босатылу, кезекті және қосымша демалыстарда болу уақыты кірмейді.

18-бап. МТК қызметкерін басқа жерге қызметке ауыстыру

1. МТК қызметкерін басқа жерге, соның ішінде МТК-нің және оның органдарының жаңа жерге орналасуына байланысты ауыстыру, егер контрактта басқаша көзделмесе, оның келісімін ескере отырып жүргізіледі.

2. МТК қызметкерінің өз бастамасы бойынша басқа жерге ауыстыру МТК-нің тиісті органдары (бөлімшелері) басшыларының келісімімен жүзеге асырылады.

3. МТК қызметкері мен оның отбасы мүшелерінің жаңа қызмет орнына жол шегуі және мүлкін тасымалдау Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен МТК-нің қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

19-бап. МТК-нің іссапарға жіберілген қызметкерлерінің қызмет өткеру тәртібі

1. Мемлекеттік органдарға іссапарға жіберілген МТК қызметкерлері,

Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, осы Ережемен белгіленген тәртіппен мынадай ерекшеліктер ескеріле отырып, қызмет өткереді:

1) іссапарға жіберілген қызметкерлерді тағайындау мен ауыстыру МТК басшы құрамын қызметкерлерінің өзге мемлекеттік органдарда атқаруға тиіс лауазымдар шегінде жүргізіледі;

2) әділет полковнигіне дейінгіні қоса алғанда арнаулы атақтар - іссапарға жіберілген қызметкерлерге осы Ережеде көзделген тәртіппен мемлекеттік органдардың тиісті басшыларының ұсынысы бойынша беріледі. Аталған қызметкерлерге жоғары басшы құрамның арнаулы атақтарын беруді МТК Төрағасы мен тиісті мемлекеттік органдар басшыларының бірлескен ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті жүргізеді;

3) іссапарға жіберілген қызметкерлерді қызметтен босату осы Ережеде көзделген негіздер мен тәртіп бойынша мемлекеттік органдар басшыларының ұсынысы бойынша жүргізіледі;

4) іссапарға жіберілген МТК қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу заңға сәйкес жүзеге асырылады.

2. Іссапарға жіберілген МТК қызметкерлеріне заттай мүлік пен азық-түлік үлесінің орнына ақшалай өтемақы төленуі мүмкін.

3. Іссапарға жіберілген МТК қызметкерлері мен олардың отбасы мүшелеріне МТК қызметкерлері мен олардың отбасы мүшелері үшін заңмен белгіленген құқықтар, жеңілдіктер мен артықшылықтар сақталады.

20-бап. Аттестациялау

1. МТК қызметкерлерінің қойылатын талаптарға қызмет тұрғыда сай келуін анықтау мақсатында аттестациялау жүргізіледі.

2. МТК-де қызмет өткеру туралы белгілі бір мерзімге контракт жасасқан қызметкер оны ұзартқан ретте, ал белгіленбеген мерзімге контракт жасасқан қызметкер қызмет өткерудің әр үш жылы сайын аттестациядан өтеді.

3. МТК қызметкерлері, сонымен бірге жоғары тұрған қызметке тағайындалуға ұсынылған ретте, төменгі тұрған лауазымға немесе МТК-нің басқа қызметіне (бөлімшесіне) ауысқанда, сондай-ақ осы Ереженің 51-бабының 1-тармағындағы "ж", "з", "и" тармақшаларында белгіленген негіздер бойынша жұмыстан босатылғанда аттестацияланады.

4. Аттестацияны, оның ішінде кезектен тыс аттестацияны жүргізу

тәртібін МТК Төрағасы айқындайды.

21-бап. МТК қызметкерлерін әскери есептен шығару

МТК-нің қатардағы және басшы құрамның лауазымдарына тағайындалған Қазақстан Республикасының азаматтары, оқу орындарының курсанттары мен тыңдаушылары әскери қызметке шақырылуға тиіс емес, олар әскери есептен шығарылып, МТК-нің арнаулы есебінде тұрады.

III тарау

МТК ҚАТАРДАҒЫ ЖӘНЕ БАСШЫ ҚҰРАМЫНЫҢ АРНАУЛЫ АТАҚТАРЫН БЕРУ ТӘРТІБІ

22-бап. Арнаулы атақтарды берудің жалпы шарттары

1. МТК-нің қызметкерлеріне арнаулы атақтар олардың біліктілігіне, біліміне, қызметке көзқарасына, еңбек сіңірген жылдары мен атқаратын штаттық лауазымына, сондай-ақ осы Ережеде көзделген басқа да шарттар ескеріле отырып дербес беріледі.

2. Берілу кезектілігіне байланысты арнаулы атақтар бастапқы және кезекті болып бөлінеді.

3. Кіші басшы құрамның бастапқы және кезекті арнаулы атақтарын облыстар, республикалық бағыныстағы қалалар мен Республика астанасы бойынша басқарма (бас басқарма) бастықтары мен МТК Төрағасы осындай құқық берген өзге де бастықтары береді.

4. Аға және жоғары басшы құрамның лауазымына қабылданған азаматтарға, егер олардың запастағы әскери атағы неғұрлым жоғарырақ болмаса, әдетте, әділет майорынан жоғары емес бастапқы арнаулы атақ берілуі мүмкін.

5. Орта және аға басшы құрамның бастапқы арнаулы атақтарын МТК Төрағасы береді.

6. осы Ережеде көзделген жағдайларды қоспағанда, басшы құрамның

кезекті арнаулы атақтары кезектілік тәртібімен, атқаратын штаттық лауазыммен көзделген арнаулы атаққа сай келген жағдайда және бұрынғы атағында белгіленген еңбек сіңіру мерзімі өткеннен кейін беріледі.

7. Қарамағындағы қызметкерді кезекті арнаулы атаққа ұсынуды

негізсіз кешіктірген МТК органының бастығы тәртіптік жауапкершілікке тартылады.

8. Кезекті арнаулы атақтар берудің осы Ережеде көзделмеген шарттарын белгілеуге тыйым салынады.

23-бап. Қатардағы және кіші басшы құрамның арнаулы атақтарында еңбек сіңіру мерзімдері

1. Қатардағы және кіші басшы құрамның арнаулы атақтарында еңбек сіңірудің мынадай мерзімдері белгіленеді:

- 1) әділет кіші сержант атағында - 1 жыл;
- 2) әділет сержанты атағында - 2 жыл;
- 3) әділет аға сержанты атағында - 3 жыл;
- 4) әділет прапорщикі атағында - 5 жыл;

2. Қатардағы әділет қызметкері, әділет старшинасы, сондай-ақ аға әділет прапорщикі атақтарында еңбек сіңіру мерзімдері белгіленбейді.

24-бап. Орта және аға басшы құрамның арнаулы атақтарында еңбек сіңіру мерзімдері

1. Орта және аға басшы құрамның арнаулы атақтарында еңбек сіңірудің мынадай мерзімдері белгіленеді:

- 1) әділет кіші лейтенанты атағында - 1 жыл;
- 2) әділет лейтенанты атағында - 2 жыл;
- 3) әділет аға лейтенанты атағында - 3 жыл;
- 4) әділет капитаны атағында - 3 жыл;
- 5) әділет майоры атағында - 4 жыл;
- 6) әділет подполковнигі атағында - 5 жыл.

2. Төрт және одан да көп жылдық жоғары оқу орнын бітірген соң әділет лейтенанты арнаулы атағы берілген және оқу орнында алған мамандығы немесе соған жақын мамандық бойынша МТК-де қызмет атқаратын МТК қызметкерлері үшін әділет лейтенанты атағында еңбек сіңіру мерзімі 1 жыл болып белгіленеді.

3. Әділет полковнигі атағында, сондай-ақ жоғары басшы құрамның атақтарында еңбек сіңіру мерзімдері белгіленбейді.

25-бап. Әділет кіші лейтенанты арнаулы атағын беру

МТК Төрағасы әділет кіші лейтенанты бастапқы арнаулы атағын:

1) қатардағы және кіші басшы құрамның лауазымдарында тұрған, МТК-нің арнаулы курстарын, басқа мемлекеттік органдардың арнаулы орта оқу орындарын бітіріп, орта басшы құрамның лауазымдарын тағайындалған МТК қызметкерлеріне;

2) кіші басшы құрамның лауазымдарында тұрған, жоғары және арнаулы орта оқу орындарының соңғы курстарында оқитын, сондай-ақ аяқталмаған жоғары білімі бар (төртінші курстан төмен болмау керек), және орта басшы құрамның лауазымдарына тағайындалған МТК қызметкерлеріне;

3) арнаулы орта оқу орындарын бітірген және орта басшы құрамның лауазымдарына тағайындалған азаматтарға;

4) осы Ереженің 8-бабына сәйкес жедел қызмет бөлімшелеріндегі орта басшы құрамның лауазымдарына тағайындалған азаматтарға береді.

26-бап. Әділет лейтенанты арнаулы атағын беру

Әділет лейтенанты арнаулы атағы:

1) осы Ережеде белгіленген еңбек сіңіру мерзімі біткеннен кейін әділет кіші лейтенанттарына, ал жоғары оқу орындарын бітіргендерге - осы атағында еңбек сіңіру мерзіміне қарамастан;

2) қатардағы және кіші басшы құрамның арнаулы атақтарын алған,

МТК мен ПМ-нің жоғары оқу орындарын немесе арнаулы орта оқу орындарын бітірген және орта басшы құрамның лауазымдарына тағайындалған МТК қызметкерлеріне;

3) МТК мен ПМ-нің жоғары немесе арнаулы орта оқу орындарын күндізгі оқу нысаны бойынша бітірген адамдарға;

4) жоғары білімі бар, орта және аға басшы құрамның лауазымдарына тағайындалған азаматтарға беріледі.

27-бап. Орта, аға және жоғары басшы құрамның кезекті арнаулы атақтарын беру

1. Орта және аға басшы құрамның кезекті арнаулы атақтарын:

1) әділет майорына дейін қоса алғанда - облыстар, республикалық маңызы бар қалалар, Республика астанасы бойынша басқарма (бас басқармалар) бастықтары мен МТК Төрағасы осындай құқық берген басқа бастықтар береді;

2) әділет полковнигіне дейін қоса алғанда - МТК Төрағасы береді.

2. Жоғары басшы құрамның арнаулы атақтарын МТК Төрағасының ұсынысымен Қазақстан Республикасының Президенті береді.

3. Орта және аға басшы құрамның кезекті арнаулы атақтары МТК немесе ІІМ оқу орындарының тыңдаушыларына, адъюнктері мен докторанттарына олардың оқуға түскенге дейінгі атқарған штаттық лауазымдарына сәйкес, оқуға түскеннен кейінгі штаттық лауазымдар бойынша арнаулы атақтардың енгізілген өзгерістері ескерілмей беріледі; ол оқу орындарын, адъюнктураны, докторантураны бітіргеннен кейін оқу бітіргеннен кейін қызметкерлер тағайындалған штаттық лауазымдар атақтарына кезекті арнаулы атақтары сәйкес келген ретте беріледі.

28-бап. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде
запаста тұрған азаматтарға қызметке кірген
кезде арнаулы атақтар беру

1. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде запаста тұрған азаматқа, МТК басшы құрамның лауазымына тағайындалғаннан кейін оның өзінде бар әскери атағынан төмен емес арнаулы атақ беріледі.

2. Запастағы офицерлер орта, аға және жоғары басшы құрамның лауазымдарына тағайындалған кезде, егер олардың лауазымға тағайындалатын күнге міндетті әскери қызметі мен запаста болу уақыты кезеңінде өздеріне берілген әскери атақтарда белгіленген мерзімді өткерген болса, оларға бастапқы арнаулы атақ өздерінде бар әскери атақтан бір саты жоғары берілуі мүмкін.

29-бап. Арнаулы атақтарды мерзімінен бұрын
немесе бір саты жоғары беру

1. Басшы құрамның кезекті арнаулы атағы бұрынғы атағында белгіленген еңбек сіңіру мерзімі бітпес бұрын немесе атқаратын штаттық лауазымымен көзделгеннен бір саты жоғары арнаулы атақ қызметте жоғары нәтижелерге қол жеткізгені және қызметтік міндеттерін үлгілі атқарғаны үшін көтермелеу шарасы ретінде беріледі.

2. Бұл ретте кіші басшы құрамның арнаулы атақтарын осы Ереженің 22-бабының 3-тармағында көрсетілген бастықтар, ал орта және аға басшы құрамның арнаулы атақтарын МТК Төрағасы береді.

3. Арнаулы атақ мерзімінен бұрын атқаратын штаттық лауазым бойынша көзделген атақтың шегінде беріледі, ал ғылыми дәрежесі немесе ғылыми атағы бар МТК қызметкерлеріне лауазым бойынша көзделген атақтан бір саты жоғары (жоғары басшы құрамның арнаулы атақтарын қоспағанда) атақ берілуі мүмкін.

4. Арнаулы атақтар мерзімінен бұрын арнаулы атақта еңбек сіңірудің белгіленген мерзімінің кем дегенде жартысы өткенде және берілетін арнаулы атақ атқаратын штаттық лауазымымен көзделген атаққа сәйкес болған жағдайда жүзеге асырылады.

5. Атқаратын штаттық лауазымымен көзделген арнаулы атақтан бір саты жоғары кезекті арнаулы атақ бұрынғы арнаулы атағында кем дегенде бір жарым еңбек сіңіру мерзімі өткенде беріледі. Бұл ретте арнаулы атақтарды мерзімінен бұрын және бір саты жоғары беру, әдетте, МТК-де қызмет атқарған барлық кезең ішінде 2 мәртеден көп болмауы керек.

30-бап. Арнаулы атағында еңбек сіңіру мерзімін есептеу

1. Арнаулы атағында еңбек сіңірген мерзімі осы атақты беру туралы бұйрыққа қол қойылған күннен бастап есептеледі. МТК қызметкерлерінің төмендетілген арнаулы атақта өткізген уақыты қайта қалпына келтірілген атақта еңбек сіңірген мерзіміне қосылмайды.

2. Қатардағы және кіші басшы құрамның атақтары бар, орта басшы құрамның лауазымына тағайындалған МТК қызметкерлері өздерінде бір атақтарында еңбек сіңірген мерзіміне қарамастан орта басшы құрамның бастапқы арнаулы атағына ұсынылады.

31-бап. Кезекті арнаулы атақ беруді кідірту

МТК-нің немесе оның тиісті органының қарамағындағы не тәртіптік жаза қолданылған (ауызша жарияланғандардан басқа), сондай-ақ үстінен қылмыстық іс қозғалған немесе қызмет тәртібін бұзу фактілері бойынша қызметтік тексеру жүргізіліп жатқан қызметкерлерді лауазымға тағайындалғанша, тәртіптік жазасы алынып, ақтайтын негіздер бойынша қылмыстық іс тоқтатылғанша немесе қызметтік тексеру аяқталғанша кезекті арнаулы атақтарға ұсыну жүргізілмейді.

32-бап. Арнаулы атағын төмендету және арнаулы атағынан айыру

1. Кіші басшы құрамның атағы бар МТК қызметкерлерінің арнаулы атағын

бір саты төмендету аталмыш атақтарды беруге құқығы бар тікелей бастықтардың шешімімен тәртіптік жаза шарасы ретінде қолданылады.

2. Орта және аға басшы құрамның атағы бар МТК қызметкерлерінің арнаулы атағын тек МТК Төрағасы ғана бір саты төмендете алады.

3. Арнаулы атақтары төмендетілген МТК қызметкерлерінің бұрынғы арнаулы атағы атқаратын штаттық лауазымдарына қарамастан атақты төмендету туралы шешім қабылданған бастықтардың, оларға теңдес және жоғары тұрған бастықтардың бұйрығымен, бірақ атақ төмендетілген күннен кейін кемінде бір жылдан кейін және оң аттестациялау болған жағдайда қалпына келтіріледі.

4. МТК қызметкерінің арнаулы атағы қайта қалпына келтірілгенге

дейін және оған кезекті арнаулы атақ берілгенге дейін оның арнаулы атағын қайталап төмендетуге жол берілмеді.

5. МТК қызметкерлері, сондай-ақ "отставкадағы" деген сөз қосылған арнаулы атағы бар адамдар заңға сәйкес арнаулы атақтардан айырылуы мүмкін.

IV Тарау

ҚЫЗМЕТ ТӘРТІБІ

33-бап. МТК-дегі қызмет тәртібі

МТК-дегі қызмет тәртібі МТК қызметкерлерінің заңмен, Антпен, қызмет ету туралы контрактпен белгіленген, сондай-ақ МТК Төрағасының, тікелей бастықтардың бұйрықтарымен өздеріне жүктелген міндеттерді орындау барысында тәртіп пен ережені сақтауын және өздеріне берілген құзыретті жүзеге асыруын білдіреді.

34-бап. МТК органы бастығының қызмет тәртібін қолдау жөніндегі міндеттері

Бастық өз қарамағындағылардың арасындағы қызмет тәртібінің

жай-күйі үшін жауап береді. Оларға жоғары талап қоюмен қатар ол:

- 1) қарамағындағылардың еңбек етуіне, демалуына және біліктілігін арттыруға қажетті жағдай жасауға;
- 2) қарамағындағылардың қызметтік міндеттерін орындауға деген жауапкершілік сезіміне баулуға;
- 3) қарамағындағылардың қызметтік іс-әрекетіне баға беруде жариялылық пен әділдікті қамтамасыз етуге;
- 4) қарамағындағылардың абыройы мен қадір-қасиетін сыйлауға;
- 5) жеке құраммен жұмыс істегенде тамыр-таныстықты болдырмауға, жеке сипаты бар себептерін немесе МТК қызметіндегі кемшіліктерді сынағаны үшін МТК қызметкерлерін қудалауға жол бермеуге міндетті.

35-бап. Қызметтік іс-әрекетіндегі жетістіктері үшін көтермелеу

1. Міндеттерін үлгілі орындағаны және қызметте қол жеткізген жоғары жетістіктері үшін МТК қызметкерлеріне көтермелеудің мынадай түрлері көзделеді:

- 1) алғыс жариялау;
- 2) ақшалай сыйақы беру;
- 3) бағалы сыйлықпен наградтау;
- 4) Құрмет кітабына енгізу;
- 5) Құрмет грамотасымен наградтау;
- 6) омырау белгісімен наградтау;
- 7) жеке қарумен наградтау;
- 8) кезекті арнаулы атақты мерзімінен бұрын беру;
- 9) атқаратын штаттық лауазымымен көзделген атақтан бір саты жоғары арнаулы атақ беру;
- 10) Құрметті атақ беруге ұсыну.

2. Көтермелеу шарасы ретінде бұрынғы қолданылған тәртіптік жазаны мерзімінен бұрын алып тастау қолданылуы мүмкін.

3. МТК-нің оқу орындарында осы бапта көрсетілген көтермелеу түрлерінен

басқа стипендия мөлшерін жоғарылату және оқу орнынан тысқары кезектен тыс демалысқа шығуға рұқсат ету қолданылады.

4. Қызметтік борышын орындау кезінде көрсеткен ерлігі мен

батылдығы, басқа да сіңірген ерекше еңбегі үшін МТК қызметкерлері заңға сәйкес Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен наградталуға ұсынылуы мүмкін.

36-бап. Қызмет тәртібін бұзғаны үшін қолданылатын жазалар

1. Қызмет тәртібін бұзғаны үшін МТК қызметкерлеріне мынадай жаза түрлері қолданылуы мүмкін:

- 1) ескерту;
- 2) сөгіс;
- 3) қатаң сөгіс;
- 4) қызметіне толық сай еместігін ескерту;
- 5) лауазымынан төмендету;
- 6) арнаулы атағын бір сатыға төмендету;
- 7) омырау белгісінен айыру;
- 8) МТК-нен шығару.

2. МТК-нің оқу орындарында аталған жаза түрлерінен басқа қызмет бойынша нарядқа кезектен тыс тағайындау (қарауылға немесе бөлімше бойынша кезекшілікке тағайындаудан басқа), сондай-ақ оқу орнынан шығару түрінде жаза қолданылады.

37-бап. Көтермелеу мен тәртіптік жаза қолданудың тәртібі

1. Көтермелеу мен тәртіптік жазаны тікелей бастықтар өздеріне берілген құқықтар шегінде қолданады.

2. МТК қызметкерлері қызмет бабында, уақытша болса да, бағынатын бастықтар тікелей бастықтар болып табылады.

3. Бағыныстағы ең жақын тұрған тікелей бастық оның төте бастығы болып табылады.

4. Қызмет бабында бір-біріне бағынбайтын МТК қызметкерлері аға немесе

кіші болуы мүмкін. Олардың бір-бірінен жоғарылығы арнаулы атақпен, ал атақтары бірдей болған жағдайда атқаратын лауазымымен анықталады.

5. Бастық лауазымдық міндеттерді уақытша атқарған жағдайда, егер бұл жайында бұйрықта жарияланса, уақытша атқаратын лауазымның тәртіптік құқықтарын пайдаланады.

6. Төменгі бастықтарға берілген тәртіптік құқықтар жоғары бастықтарға да тиесілі.

7. Көтермелеулер мен тәртіптік жазалар бұйрықпен жарияланады. Алғыс, ескерту, сөгіс, кезектен тыс нарядқа қою ауызша да жариялануы мүмкін.

8. Бұйрықпен берілген жазаны ауызша алып тастауға болмайды.

9. Көтермелеулер мен тәртіптік жазалар туралы МТК қызметкерінің жеке өзіне сап алдында немесе кеңесте (жиналыста) жарияланады.

10. Жауапқа тартылған МТК қызметкерінен жаза берілгенге дейін жазбаша түсініктеме беру талап етілуге тиіс, қажет болса, тексеру нәтижелері бойынша қорытынды тұжырым шығарыла отырып, онда көрсетілген мәліметтерге тексеру жүргізіледі.

11. Тәртіптік жаза жасалған жолсыздық туралы бастыққа белгілі болған күннен бастап 10 күн ішінде берілуге тиіс, ал қызмет бабындағы тексеру жүргізіліп, қылмыстық іс немесе әкімшілік тәртіп бұзушылық туралы іс қозғалса, тиісінше тексеру біткен, құзыретті орган немесе лауазымды адам қылмыстық істі немесе әкімшілік тәртіп бұзушылық туралы істі қарап, ол жөнінде соңғы шешім шығарған күннен бастап тиісінше бір айдан кешіктірілмей берілуге тиіс, бұған кінәлінің сырқаттанған немесе демалыста болған уақыты қосылмайды.

12. Қызмет тәртібінің бұзылған әрбір оқиғасы үшін тек бір ғана тәртіптік жаза беріледі.

13. Жазаға тартылған МТК қызметкеріне оны берудің себебі көрсетілген тәртіптік жаза қолдану туралы бұйрық қолхат арқылы жарияланады.

14. Тәртіптік жаза дереу, бірақ берілген күннен бастап бір айдан кешіктірілмей орындалады. Осы мерзім біткеннен кейін, жаза қолданылмайды, бірақ есепке алынуға тиіс.

15. МТК қызметкеріне бұйрықпен берілген тәртіптік жаза, егер ол берілген күннен бастап осы қызметкер бір жыл ішінде жаңадан тәртіптік жазаға тартылмаса, алынып тасталған болып саналады.

16. Көтермелеу ретінде тәртіптік жазаны жаза қолданған бастық немесе оған теңдес не жоғары тұрған тікелей бастық мерзімінен бұрын ала алады.

17. Лауазымы төмендетілген МТК қызметкерін қызмет бабында ауыстыру осы Ереженің 17-бабында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

18. Арнаулы атағын төмендету түрінде тәртіптік жаза қолданылған жағдайда, бұрынғы атағы осы Ереженің 32-бабында белгіленген тәртіппен қайт қалпына

келтірілуі мүмкін.

19. Қызметкер науқастанған кезде немесе ол демалыста не іссапарда болған кезеңде, сондай-ақ оның жолсыздық жасағанына алты айдан аса, ал қаржы-шаруашылық қызметіне жүргізілген тексеріс немесе тексеру нәтижелері бойынша - оның жасалған күнінен бастап екі жылдан астам уақыт өткен жағдайда тәртіптік жаза қолданылуға тиіс емес. Аталған мерзімге МТК қызметкерінің демалыста болған кезі, науқастанған уақыты, сондай-ақ қылмыстық іс немесе әкімшілік құқық бұзушылық жөніндегі іс жүргізілу уақыты кірмейді.

38-бап. Бастықтардың көтермелеуді қолдану және тәртіптік жаза беру жөніндегі құқықтары мен жауапкершілігі

1. Бастықтардың көтермелеуді қолдану және тәртіптік жаза беру жөніндегі құқықтарын МТК Төрағасы белгілейді.

2. Егер МТК қызметкеріне бастықтың пікірінше өзінің құқықтары шегінен тысқары көтермелеу немесе жаза шараларын қолдану қажет болса, онда ол бұл жөнінде жоғары тұрған бастыққа өтініш жасайды.

3. Жоғары тұрған бастық төменгі бастық қолданған тәртіптік жазаның күшін жоюға, жеңілдетуге немесе егер алдыңғы жарияланған жаза жасалған жолсыздықтың ауырлығына сәйкес келмесе, одан қатаңырақ жаза белгілеуге құқылы.

4. МТК-нің тергеу аппараты мен оның органдарының қызметкерлеріне тәртіптік жазаны оларды лауазымға тағайындау құқығы берілген бастықтар, ал қызметкерлердің іс жүргізу қызметімен байланысты жағдайларда - тиісті тергеу бөлімшелері басшыларының келісуімен қолданады.

5. Көтермелеуді қолдану және тәртіптік жазалар беру жөніндегі

құқықтарын шегінен асыра пайдаланған бастық бұл үшін тәртіптік жауапкершілікке тартылады.

39-бап. МТК қызметкерлерінің тәртіптік жазаға шағымдануы жөніндегі құқықтары

МТК қызметкері берілген тәртіптік жаза жөнінде жоғары тұрған бастықтарға өз кезегімен МТК Төрағасына дейін шағымдануға хақылы.

V тарау

ҚЫЗМЕТ ШАРТТАРЫ

40-бап. Ішкі тәртіп

1. МТК-дегі ішкі тәртіпті олардың бастықтары заңдарға сәйкес

және МТК Төрағасы айқындайтын тәртіппен осы органдардың қызмет ерекшеліктеріне қарай белгілейді.

2. Қажет болған жағдайда МТК қызметкерлері белгіленген уақыттан тыс, сондай-ақ түнгі уақытта, демалыс және мейрам күндері қызметтік міндеттерін орындауға тартылуы мүмкін.

41-бап. Демалыстар

1. МТК қызметкерлеріне ақшалай үлесі сақтала отырып демалыстың мынадай түрлері белгіленеді:

- 1) кезекті жылдық;
- 2) қысқы мерзімді;
- 3) науқастануына байланысты;
- 4) оқуына байланысты;
- 5) каникулдық;
- 6) МТК-нің немесе ПМ-нің оқу орнын аяқтауға байланысты;
- 7) қосымша (қызмет стажы, залалды жағдайларда міндеттерін атқарғаны, қызметтің ерекше сипаты үшін).

2. Одан басқа, заңдарға сәйкес МТК қызметкерлеріне нәрестелі болуына, балаларын күтуіне, сондай-ақ заңмен белгіленген өзге де демалыстар беріледі.

3. Жұмыстан босатылғаннан басқа жағдайларда, демалысын пайдаланбаған МТК қызметкерлерінің, демалысын ақшалай өтемақымен ауыстыруға берілмейді

4. Демалыстың ұзақтығы тәулікпен есептеледі. Бұл ретте заңмен жұмыс

күндері емес деп белгіленген мейрам күндері демалыстың ұзақтығын белгілеуде есепке алынбайды.

5. МТК қызметкеріне демалыс (емделу) орнына барып-қайту жол ақысы демалыстың мынадай түрлері бойынша беріледі:

- 1) кезекті жылдық;
- 2) науқастануына байланысты;
- 3) оқуына байланысты;
- 4) каникулдық (жылына бір рет);
- 5) МТК-нің немесе ПМ-нің оқу орнын бітіруіне байланысты.

6. Жалпы ұзақтығы 40 және одан көп тәулік болатын кезекті және қосымша демалысқа құқығы бар МТК қызметкерлеріне олардың тілегі бойынша демалысын өткізетін жерге барып-қайту жол ақысы бір рет төлей отырып, демалысын екі мерзімде пайдалануға рұқсат етіледі.

7. МТК-нің және ПМ-нің жоғары және арнаулы орта оқу орындарында сырттай оқу нысаны бойынша оқитын МТК қызметкерлері оқуына байланысты демалысқа барғанда іссапар құжаттарымен қамтамасыз етіледі.

8. МТК қызметкерлеріне кезекті, қысқа мерзімді демалыстар, МТК-нің және ПМ-нің оқу орындарын бітіруіне байланысты демалыстар, сондай-ақ науқастануына байланысты демалыстар берілген кезде демалыстың белгіленген ұзақтығынан тыс демалыс (емделу) орнына барып-қайту үшін уақыт қоса беріледі.

42-бап. Кезекті жылдық демалыс

1. МТК қызметкерлеріне кезекті жылдық демалыс ұзақтығы 30 тәулік, ал биік таулы жерлерде (биіктігі 1500 м. және одан жоғары), сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын Қазақстан Республикасының басқа да климаттық жағдайлары ауыр және қолайсыз жерлерінде қызмет өткеретін МТК қызметкерлеріне - еңбек сіңірген жылдарына қарамастан ұзақтығы 45 тәулік етіп беріледі.

2. Кезекті жылдық демалыс кезекті жылдық жоспарына сәйкес күнтізбелік жыл ішінде МТК-нің әрбір қызметкеріне берілуге тиіс.

3. МТК-не немесе оның органдарына қызметке кірген жылы берілетін кезекті жылдық демалыстың ұзақтығы оның жұмысқа кірген күнінен бастап әрбір толық айы үшін нақты атқарған уақытына сәйкес демалыстың он екіден бір бөлігі есебімен есептеледі. Бұл ретте ұзақтығы 10 тәулік және онан да көп демалысқа құқығы бар МТК қызметкерлеріне демалыс орнына барып-қайту жол ақысы төленеді және демалысынан тыс жол жүруіне уақыт беріледі. МТК қызметкерінің тілегі бойынша ұзақтығы 10 тәуліктен кем болатын демалыс оған келесі жылы

кезекті жылдық демалысымен бір мезгілде берілуі мүмкін.

4. Биік таулы жерлерде, климаттық жағдайы ауыр және қолайсыз жерлерде қызмет өткеретін МТК қызметкерлеріне өздерінің қалауы бойынша екі жылғы кезекті жылдық демалыстары бір демалысқа біріктірілуі мүмкін. МТК-нің аталған қызметкерлері қызмет бабымен басқа жерлерге ауыстырылған жағдайда, олар пайдаланбаған біріктірілген демалыс жаңа қызмет орнында беріледі. Қызметтік қажеттілік болған жағдайда жаңа қызмет орнында біріктірілген демалыс әр жолы тасымалдау құжаттары беріле отырып, екі мерзімге берілуі мүмкін.

5. Осы Ереженің 51-бабының "а", "б", "в", "г" тармақтарында көрсетілген негіздер бойынша қызметтен босатылған МТК қызметкерлеріне өздерінің қалауы бойынша кезекті жылдық демалыс беріледі. Қызметтен босатылған жылы пайдаланылмаған кезекті жылдық демалыс орнына МТК Төрағасы анықтайтын тәртіппен ақшалай өтемақы төленеді.

6. Кезекті демалыс уақытында науқастанып қалған МТК қызметкерлеріне емдеуде болған күндерінің санына орай демалысы ұзартылады.

43-бап. Қысқа мерзімді демалыс

1. Кезек күттірмейтін әлеуметтік-тұрмыстық мәселелерді шешу, туыстық борышын өтеу үшін, сондай-ақ өзге де орынды себептер бойынша МТК қызметкерлеріне жол жүру ақысы төленбей, ұзақтығы бір жыл ішінде 10 тәулікке дейін қысқа мерзімді, ақылы демалыс беріледі.

2. Қысқа мерзімді демалыс кезекті жылдық демалыс есебіне кірмейді.

44-бап. Науқастануға байланысты демалыс

1. Науқастануына байланысты демалыс МТК қызметкерлеріне әскери-дәрігерлік комиссияның қорытындысы бойынша беріледі.

2. Науқастануына байланысты демалыстың ұзақтығы аурудың сипатымен айқындалады. Зандарда емделуге ұзағырақ мерзім көзделгеннен басқа жағдайларда науқастануына және емдеу мекемелерінде емделуіне байланысты демалыста үздіксіз болу уақыты төрт айдан аспауға тиіс. Бұл мерзім тікелей бастықтың - облыс, республикалық маңызы бар қала, Республика астанасы бойынша басқарма (бас басқарма) бастығының, оған теңдес және одан жоғары тұрған бастықтардың шешімімен - емдеу мекемесінің қорытындысы негізінде ұзартылуы мүмкін. Науқастануына байланысты демалыста және емделуде үздіксіз болуының белгіленген мерзімі аяқталғанда МТК қызметкерлері әрі қарай қызмет өткеруге жарамдылығы туралы мәселені шешу үшін әскери-дәрігерлік

комиссияның куәландыруынан өтуге тиіс.

3. МТК қызметкерлері қызметтік міндеттерін атқару үстінде жарақат, контузия алса немесе мертiккен жағдайда олардың емделуде болу уақыты шектелмейдi. Аталған қызметкерлер медициналық куәландыруға емдеу аяқталған соң немесе ауру қорытындысы анықталғанда жіберiледi.

4. Науқастануына байланысты берiлген демалыс кезектi жылдық

демалыс есебiне кiрмейдi.

5. МТК қызметкерлерi қызметтен босатылған кезде науқастануына байланысты демалыс берiлмейдi.

45-бап. Каникулдық демалыстар

МТК немесе ПМ оқу орындарында күндiзгi оқу нысаны бойынша оқитын МТК қызметкерлерiне:

- 1) ұзақтығы 14 тәулiктен тұратын қысқы каникулдық демалыс;
- 2) ұзақтығы 30 тәулiктен тұратын жазғы каникулдық демалыс берiледi.

46-бап. Оқу орнын бiтiруге байланысты демалыс

1. МТК-нiң немесе ПМ-нiң оқу орындарын бiтiрушiлерге оқу орнын бiтiрген кезде 30 тәулiктен тұратын демалыс берiледi. Бұл демалыс, сондай-ақ басқа мемлекеттiк органдардың жоғары және арнаулы орта оқу орындарын бiтiрушiлерге берiлетiн демалыс, осы оқу орындарын

бiтiрген соң тiкелей МТК-не қызметке қабылданған болса, ағымдағы жылғы кезектi жылдық демалыс есебiне кiредi.

2. Оқу орнын бiтiруге байланысты демалыс түлек қызмет өткеру орнына жіберiлгенге дейiн пайдаланылуға тиiс.

47-бап. Қосымша демалыстар

1. МТК-дегi қызмет өткеру стажы бойынша қосымша жылдық ақылы

демалыс:

- 1) 10 жылғы қызметтен соң - ұзақтығы 5 тәулік;
- 2) 15 жылғы қызметтен соң - ұзақтығы 10 тәулік;
- 3) 20 жылғы қызметтен соң - ұзақтығы 15 тәулік етіп беріледі.

2. Залалды жағдайлардағы қызметі үшін қосымша жылдық демалыстың ұзақтығы заңдарға сәйкес белгіленеді.

3. Дене мен жүйкеге түсетін көтеріңкі ауыртпалығы бар қызметі бойынша МТК қызметкерлерінің кәсіби жұмыс істеу қабілетін қалпына келтіруге қызметтің ерекше сипаты үшін ұзақтығы 10 тәулікке дейін қосымша ақылы демалыс беріледі.

4. Қосымша демалыстар біріктіріліп, кезекті жылдық демалыспен бірге немесе МТК қызметкерінің қалауы бойынша жеке берілуі мүмкін, бұл ретте қосымша және кезекті демалыстардың жалпы үздіксіз ұзақтығы 55 тәуліктен аспауы керек.

5. Залалды жағдайларда міндеттерін атқарғаны және қызметінің ерекше сипаты үшін қосымша жылдық демалысқа хақылы МТК қызметкерлеріне қосымша демалыс, заңдарда көзделген жағдайларды қоспағанда, олардың қалауымен тек бір негіз бойынша ғана беріледі.

48-бап. МТК қызметкерлерінің ақшалай үлесі

1. МТК қызметкерлерінің ақшалай үлесіне атқаратын штаттық лауазымы бойынша жалақы, берілген арнаулы атағына қосымша ақы, әскери және құқықтық актілермен көзделген басқа да мемлекеттік қызмет түрлері ескеріле отырып есептелетін еңбек сіңірген жылдары үшін берілетін проценттік үстемеақы, азық-түлік паегінің құны (егер ол заттай берілмесе), Қазақстан Республикасының Үкіметі және МТК Төрағасы белгілейтін басқа да ақшалай төлемдер кіреді.

2. Жасына байланысты жұмыстан босауға хақылы МТК

қызметкерлеріне есептеліп берілуге тиіс зейнетақы сомасының 50 проценті мөлшерінде ай сайын қосымша ақы белгіленеді.

49-бап. Жеке міндетті сақтандыру

МТК қызметкерлері республикалық бюджет қаражаты есебінен міндетті жеке сақтандырылуға тиіс. МТК қызметкері қаза тапқан немесе мертіккен жағдайда залалды өтеу заңдарға сәйкес жүзеге асырылады.

VI Тарау

МТК-де ҚЫЗМЕТ ӨТКЕРУДІ ТОҚТАТУ

50-бап. Қызмет өткеруді тоқтатуға негіздер

МТК-де қызмет өткеруді тоқтатуға мыналар негіз болады:

- 1) МТК-нен қызметтен босатылу;
- 2) Қазақстан Республикасының азаматтығынан айырылу;
- 3) Белгіленген тәртіппен МТК қызметкерін хабар-ошарсыз кетті деп тану;
- 4) МТК қызметкерінің қайтыс болуы (қаза табуы);
- 5) заңдармен және осы Ережемен көзделген өзге де негіздер бойынша.

51-бап. МТК-нен қызметтен босату үшін негіздер

1. Запасқа (әскери есепке тұрғызыла отырып), егер қызметтен босатушылар Қазақстан Республикасының "Жалпыға бірдей әскери міндеттілік пен әскери қызмет туралы" Заңында белгіленген, әскери атағына сәйкес арнаулы атақтары бар және әскери қызметке денсаулық жағдайы бойынша жарамды адамдардың запаста тұруы үшін шекті жасына жетпесе:

- а) зейнеткерлікке шығуға құқық беретін еңбек сіңірген жылдары

(қызмет өткеру мерзімі) бойынша;

- б) қызметте болудың шекті жасына жеткен кезде;
- в) денсаулық жағдайына байланысты - әскери-дәрігерлік комиссияның қорытындысы бойынша;

г) штаттардың қысқаруы немесе органдар мен бөлімшелерді қайта құруға байланысты басқа лауазымда пайдалануға мүмкіндік болмаған жағдайда;

- д) контрактыны бұзуға байланысты;
- е) өз тілегімен;
- ж) басқа мемлекеттік органдар мен ұйымдарға жұмысқа ауысуына байланысты;
- з) сынақ мерзімі ішінде қызметке жарамсыздығы байқалған жағдайда;
- и) аттестациялау тәртібімен қызметтік сәйкессіздігі бойынша;
- к) қызмет тәртібін ұдайы бұзғаны үшін;
- л) абройына нұқсан келтіретін әрекет жасағаны үшін шығарылады;
- м) соттың айыптау үкімінің заңды күшіне енуіне байланысты шығарылады.

2. Отставкаға (әскери есептен шығарыла отырып), егер босатушылар Қазақстан Республикасының "Жалпыға бірдей әскери міндеттілік пен әскери қызмет туралы" Заңында белгіленген, әскери атағына сәйкес арнаулы атағы бар немесе әскери-дәрігерлік комиссия денсаулық жағдайы бойынша әскери қызметке жарамсыз деп тапқан адамдардың әскери есептен шығарыла отырып запаста тұруы үшін шекті жасына жетсе;

а) жасына қарай - Қазақстан Республикасының "Жалпыға бірдей әскери міндеттілік пен әскери қызмет туралы" Заңында белгіленген, әскери атағына сәйкес арнаулы атағы бар адамдардың запаста тұруы үшін шекті жасына жеткен адамдар;

б) денсаулық жағдайына қарай - әскери-дәрігерлік комиссия денсаулық жағдайы бойынша әскери қызметке жарамсыз деп тапса, әскери есептен алына отырып шығарылады.

3. орта, аға және жоғары басшы құрамның арнаулы атақтары бар МТК қызметкерлеріне, осы баптың 1-тармағының "а", "б", "в", "г" - тармақшаларында және осы баптың 2-тармағының "а", "б"- тармақшаларында көзделген негіздер бойынша, зейнет демалысына шыққан кезде нысанды киім киюге рұқсат беріледі

52-бап. МТК қызметкерлері үшін белгіленген жасқа байланысты шектеулер

1. Қатардағы және кіші басшы құрамның арнаулы атақтары бар МТК-нің қызметкерлері жасы 45-ке жеткенше МТК органдарында қызметте бола алады.
2. Орта, аға және жоғары басшы құрамның арнаулы атақтары бар

МТК қызметкерлері өздеріне берген арнаулы атақтарға қарай мына жасқа жеткенше МТК органдарында қызметте бола алады:

- 1) әділет кіші лейтенанттарынан әділет полковниктеріне дейін қоса алғанда 45 жас;
- 2) әділет полковниктері 50 жас;
- 3) әділет генерал-майорлары, әділет генерал-лейтенанттары 55 жас;
- 4) әділет генерал-полковниктері 60 жас;

3. Осы бапта белгіленген МТК-де қызмет өткеру үшін белгіленген шекті жасқа жеткен МТК қызметкерлері, заңда және осы Ережеде көзделген өзге жағдайларды қоспағанда, қызметтен босатылуға тиіс.

4. Қызмет мүддесі үшін оң аттестацияланған және медициналық жағынан ешқандай қайшылығы жоқ МТК қызметкерлері дербес тәртіппен және өздерінің келісімімен белгіленген шекті жастан тыс тағы да 5 жыл мерзімге қызметте қалдырылуы мүмкін, бұл мерзімге осы қызметкерлерді лауазымға тағайындау құқығына ие бастықтар қалдыра алады. Мұндай жағдайда оларға өздерінің заңды құқығы бар зейнетақыларының 50 процентін төлеу белгіленеді.

5. Ерекше жағдайларда ғана орта, аға және жоғары басшы құрамға кіретін МТК қызметкерлерін қызметте қалдыру мерзімі осы тәртіппен тағы 5 жылға қайталанып ұзартылуы мүмкін.

6. Қызметте қалдыру мерзімін ұзарту туралы шешім осы Ережеде көрсетілген негіздер бойынша МТК қызметкерін жұмыстан босату мүмкіндігін жоққа шығармайды.

53-бап. МТК-нен қызметтен босату тәртібі

1. Қатардағы және кіші басшы құрамның лауазымдарында тұрған МТК қызметкерлерін қызметтен өз құзыретінің шегінде олардың төте бастықтары босатады.

2. Орта, аға және жоғары басшы құрамның лауазымдарында тұрған МТК қызметкерлерін:

1) әділет подполковнигіне дейін қоса алғанда - МТК Төрағасының орынбасарлары, облыстар, республикалық маңызы бар қалалар, Республика астанасы бойынша басқармалар (бас басқармалар) бастықтары, сондай-ақ МТК Төрағасы осындай құқық берген бастықтар;

2) әділет полковнигіне дейін қоса алғанда және жоғары басшы құрамға кіретін МТК қызметкерлерін, егер заңда басқаша көзделмесе, МТК төрағасы босатады.

3. Контракт шарттарын бұзғаны үшін, сондай-ақ осы Ереженің 51-бабының 1-тармағындағы "и", "к", "л", "м", тармақшаларына сәйкес қызметтен босатылғандарды қоспағанда, МТК қызметкерлерін алдағы қызметтен босатылуы жөнінде тікелей бастықтары екі ай бұрын хабардар етеді.

4. Қайтыс болған, қаза тапқан, хабарсыз кеткен және арнаулы

атағынан айырылған МТК қызметкерлері МТК Төрағасы айқындайтын тәртіппен МТК қызметкерлерінің тізімінен шығарылады.

54-бап. Зейнетақымен қамсыздандыру

МТК қызметкерлерін зейнетақымен қамсыздандыру әскери қызметшілерді, ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамдағы адамдарын зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңдарға сәйкес белгіленеді.

VII Тарау

МТК-де ЛАУАЗЫМЫҢ, АРНАУЛЫ АТАҒЫН ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТІН ҚАЙТА ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ

55-бап. МТК-де лауазымын, арнаулы атағын және қызметін қайта қалпына келтірудің негіздері

1. Белгіленген тәртіппен қызмет бабында заңсыз немесе негізсіз ауыстырылған, атқаратын лауазымынан босатылған немесе лауазымы төмендетілген, арнаулы атағынан айырылған не арнаулы атағы төмендетілген деп танылған, сондай-ақ МТК-нен заңсыз шығарылған МТК қызметкерлерінің тиісінше МТК-дегі лауазымы, арнаулы атағы, қызметі қайта қалпына келтіріледі.

2. Қызметтік тексеру нәтижелері бойынша жасалған қорытынды, күшіне енген сот шешімі немесе заңдарда белгіленген тәртіппен ақталған МТК

қызметкерінің өз қызметінде қайта қалпына келтірілуі жөніндегі арызы МТК-дегі лауазымын, арнаулы атағын, қызметін қайта қалпына келтіру үшін негіз болып табылады.

56-бап. Қызметте қайта қалпына келтірілгеннен кейін
қызмет өткеру мерзімін есептеу және арнаулы
атақ беру

Заңсыз босатылған, ал кейіннен МТК-дегі қызметі қайта қалпына келтірілген қызметкерлерге кезекті арнаулы атақ беру, проценттік үстеме ақы төлеу және зейнетақы тағайындау үшін еңбек сіңірген жылдарын есептеу кезінде ескерілетін үздіксіз қызмет стажына қызметтен босатылған сәтінен оның қызметте қайта қалпына келтірілуі туралы бұйрыққа қол қойылған күнге дейінгі уақыт қосылады.

57-бап. Келтірілген залалды өтеу

1. Сот үкімінің заңды күшіне енуіне байланысты қызметтен босатылған, ол кейіннен заңда белгіленген тәртіппен ақталған МТК қызметкерлеріне келтірілген залалды өтеу заңдарға сәйкес жүзеге асырылады.

2. Қызмет бабында заңсыз немесе негізсіз ауыстырылған, лауазымы немесе атағы төмендетілген, органдардан шығарылған МТК қызметкерлеріне қызметтен босатылған кезде атқарған лауазымы, тиесілі арнаулы атағы бойынша МТК-дегі лауазымы, арнаулы атағы мен қызметі қайта қалпына келтірілгенге дейінгі уақыт үшін, бірақ үш айдан аспайтын уақыт үшін, ақшалай үлесі төленеді. Ал қызметтен босатылып, қызметі қайта қалпына келтірілгенге дейін ұйымдарда жұмыс істеген, кәсіпкерлікпен шұғылданған қызметкерлерге МТК-дегі соңғы лауазымы бойынша алған ақшалай үлесі мен қызметіндегі мәжбүрлі үзіліс кезінде тапқан нақты табысының арасындағы айырмашылық өтеледі.

3. Қызмет бабында ауыстыру, лауазымын, арнаулы атағын төмендету, МТК-ден шығару туралы заңды бұза отырып шешім қабылдаған немесе МТК-де лауазымын, арнаулы атағын және қызметін қайта қалпына келтіру туралы шешімнің орындалуын кідірткен МТК-нің лауазымды

адамды тәртіптік жауапкершілікке тартылады және қызмет бабында заңсыз немесе негізсіз ауыстырылу, лауазымы немесе арнаулы атағы төмендетілу, МТК-нен шығарылуы себебімен қызметкерге жасалатын төлемдерге байланысты МТК-не келтірілген залалды еңбек туралы заңда

белгіленген мөлшерде өтейді.

VIII тарау

ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

58-бап. МТК-не қызметке ауысқан ішкі істер органдарының, прокуратураның, салық полициясының қызметкерлері мен әскери қызметшілерге арнаулы атақтар беру мен еңбек сіңірген жылдарын есептеудің ерекшеліктері

1. МТК-не қызметке кірген ішкі істер органдарының, прокуратураның, салық полициясының қызметкерлері мен әскери қызметшілер қатардағы және басшы құрамның тиісті лауазымдарына тағайындалғаннан кейін олардың бұрынғы әскери және арнаулы атақтары, сыныптық шендері МТК қызметкерлерінің арнаулы атақтарына теңестіріледі.

2. Арнаулы атақтарда еңбек сіңірген жылдардың мерзімі, запаста тұрған мерзімін қоспағанда, олардың берілген күнінен бастап әскери және арнаулы атақтарда, сыныптық шендерде еңбек сіңірген жылдары ескеріле отырып есептеледі.

3. Аталған қызметкерлерге МТК-дегі еңбек сіңірген жылдары, әскери қызметке немесе еңбек қызметіне байланысты орын алған үзілістерге қарамастан, әскери және арнаулы атақтар, сыныптық шендер беру көзделген лауазымдарда жұмыс істеген уақыты ескеріле отырып есептеледі.

59-бап. Соғыс уақытында және төтенше жағдай енгізілген жерлерде қызмет өткеру тәртібі

МТК қызметкерлерінің соғыс уақытында және төтенше жағдай енгізілген жерлерде қызмет өткеру ерекшеліктерін заңдарға сәйкес Қазақстан Республикасының Президенті айқындайды.

60-бап. МТК қызметкерлерін жерлеу

1. МТК-нің қайтыс болған немесе қаза тапқан қызметкерлері мен зейнеткерлерін жерлеу үшін олардың үш айлық ақшалай үлесі мөлшерінде бір

жолғы ақшалай өтемақы төленеді. жерлеу рәсімін ұйымдастыру МТК тиісті органдарының бастықтарына жүктеледі.

2. МТК қызметкерлерін жерлеу кезінде құрмет көрсету тәртібін

МТК Төрағасы айқындайды.

61-бап. МТК-де қызмет өткеру және оның шарттарын сақтау тәртібін қадағалау

МТК-де қызмет өткеру және оның сақтау заңдылығын қадағалауды Қазақстан Республикасының бас прокуроры мен оған бағынысты прокурорлар жүзеге асырады.

62-бап. МТК-де қызмет өткеру туралы заңдарды бұзғаны үшін жауапкершілік

МТК-де қызмет өткеру туралы заңдар бұзған, МТК қызметкерлерін құқықтық және әлеуметтік қорғау кепілдіктері сақталмаған жағдайда кінәлі адамдар заңмен белгіленген жауапкершілікке тартылады.

Қазақстан Республикасы
Президентінің
1966 жылғы 14 маусымдағы
N 3035 Жарлығымен
Бекітілген

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тергеу
комитеті мен оның органдары қызметкерлерінің
АНТЫ

Мен, _____
(тегі, аты, әкесінің аты)

Қазақстан Республикасының азаматы, Мемлекеттік тергеу комитеті органдарына қызметке кіре отырып, құқық тәртібі мен заңдарды нығайтудағы өз жауапкершілігімді сезіне отырып:

- Қазақстан Республикасының халқына адал болуға;
- Қазақстан Республикасының Конституциясын сақтауға, өз қызметімде Қазақстан Республикасы заңдарының, жарғылардың, бұйрықтар мен осы Анттың талаптарын бұлжытпай басшылыққа алуға;
- азаматтардың, қоғам мен мемлекет құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қылмыстық қол сұғудан жан аямай қорғауға, шынайы, турашыл және әділ болуға;
- өзіме жүктелген міндеттерді абыроймен орындап, Мемлекеттік

тергеу комитеті қызметкерінің ар-намысын қастерлеуге, мемлекеттік және қызметтік құпияны сақтауға;

- өз тарапынан жол берілген қандай да болсын заңды, қызмет тәртібін бұзушылықтың, лайықсыз мінез-құлықтың Мемлекеттік тергеу комитетінің беделіне дақ түсіретінін, мемлекет мүддесіне нұқсан келтіретінін есте ұстауға салтанатты түрде ант етемін.

Егер мен өзімнің қабылданған Антымды бұзатын болсам, онда Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленгендей жауап беруге дайынмын.

19__ ж. " __ " _____
(жеке қолы)